БЕКІТЕМІН
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректордың м.а.
_____ М.М. Умуркулова
«27» _____ 2026 ж.

Оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды плагиаттың болуы, жасанды интеллект технологияларын қолдану және мәтіндердің бірегейлігін анықтау тұрғысынан тексеру туралы ереже

(23.10.2026 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №4 хаттамасы)

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-та (бұдан әрі – ҚарҰЗУ) мәтіндік сәйкестіктерді анықтаудың, жасанды интеллект технологияларын қолдануды және мәтіндердің бірегейлігін айқындаудың автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – жүйе) пайдалану тәртібін белгілеу мақсатында әзірленді. Ереже университет студенттері, магистранттары, докоранттары және профессор-оқытушылар құрамы ұсынған баспа материалдарын кейіннен ашық басылымда жариялау үшін жалпыға қолжетімді электрондық жүйелер мен баспа басылымдарынан алынған мәтіндік сәйкестіктердің болуына, жасанды интеллект технологияларының қолданылуына және мәтіндердің бірегейлігіне тексеру жүргізу тәртібін айқындайды.

Мәтіндік сәйкестіктерді анықтау, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын тексеру және мәтіндердің бірегейлігін айқындау жүйесі жалпыға қолжетімді желілік көздер мен баспа басылымдарынан алынған мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын тексеру, студенттердің бітіру біліктілік жұмыстарын, магистрлік және докторлық диссертацияларды/жобаларды қорғауға жіберу, сондай-ақ университет оқытушылары мен қызметкерлерінің ғылыми, оқу және әдістемелік еңбектерінің барлық түрлерін ашық басылымда жариялау туралы ұсынымдар беру үшін міндетті түрде қолданылады.

Жүйені сатып алу жыл сайын мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

Жүйе авторлар немесе мәтіндік құжаттарды тексеруге жауапты тұлғалар тарапынан жалпыға қолжетімді желілік көздер мен баспа басылымдарынан алынған мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын және мәтіндердің бірегейлігін тексеру

үшін пайдаланылады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

1.2 Осы Ереже бірегейлікке тексеру рәсімін айқындайды;

1.2.1 ғылыми журналдарда жарияланатын мақалаларды, монографияларды, ғылыми есептерді;

1.2.2 оқу және оқу-әдістемелік материалдарды, аттестаттау комиссияларында қорғауға ұсынылатын дипломдық жұмыстарды (жобаларды) және магистрлік диссертацияларды/жобаларды, ҚарҰЗУ және басқа жоғары оқу орындарының диссертациялық кеңестерінде қорғауға ұсынылатын докторлық диссертацияларды/жобаларды бірегейлікке тексеру рәсімін айқындайды.

1.3 1.2.1 және 1.2.2-тармақтарда санамаланған мәтіндік құжаттар мен материалдарды тексеру:

- жеке және заңды тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтау;
- жарияланымдардың, сондай-ақ ЖОО-ның диссертациялық кеңестерінде қорғалатын диссертациялардың сапалық көрсеткіштерін арттыру;

– материалдардың ғылыми әлеуеті мен жаңалығы, оның ішінде Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Академиялық адалдық қағидаларына сәйкес ұсынылған тақырыптардың өзектілігі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және болдырмау, ҚарҰЗУ бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның өңір мен республиканың жетекші жоғары оқу орны ретіндегі имиджін нығайту үшін жүзеге асырылады.

1.4 Осы Ереже ҚарҰЗУ Жарғысына сәйкес келетін білім беру, ғылыми-зерттеу және басқа қызмет түрлеріне тартылған, нәтижелері 1.2.1–1.2.2-тармақтарда санамаланған құжаттар мен материалдар түрінде ұсынылуы мүмкін ҚарҰЗУ барлық құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – бөлімшелер) жұмысын белгілейді.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына; Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (өзгерістер мен толықтырулармен); Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге; Дәрежелер беру қағидаларына, сондай-ақ ҚарҰЗУ-дың ішкі нормативтік құжаттарына: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу

университетінің Академиялық кеңесі туралы ережеге», «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Академиялық адалдық қағидаларына», «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ережеге» сәйкес әзірленді.

3. Анықтамалар мен белгілер

Төменде келтірілген барлық терминдер тек осы Ережеге қатысты қолданылады.

Жүйе әкімшісі – бүкіл университет ауқымында жүйедегі құжаттарды тексеру жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын Академиялық жұмыс департаментінің қызметкері.

Пайдалану – басқа тұлғаның құжатындағы кез келген тұтас фрагменттерді өз материалына енгізу.

Дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті мәселені студенттің өз бетінше зерделеу нәтижелерін қорытындылауды білдіретін бітіру жұмысы.

Дипломдық жоба – жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы және өзге де жобаларды әзірлеу түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді студенттің өз бетінше шешуін білдіретін бітіру жұмысы.

Докторлық диссертация – теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде бағалауға болатын немесе ғылыми мәселе шешілген не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған, докторанттың дербес зерттеуін білдіретін ғылыми жұмысы.

Магистрлік диссертация – ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және (немесе) практикалық әзірлемелерін қамтитын, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура білім алушысының дербес ғылыми зерттеуін білдіретін бітіру жұмысы.

Монография – бір мәселені немесе тақырыпты толық әрі жан-жақты зерттеуді қамтитын және бір немесе бірнеше авторға тиесілі ғылыми немесе ғылыми-көпшілік басылым.

Ғылыми басылым – теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін, сондай-ақ жариялауға ғылыми тұрғыдан дайындалған мәдениет ескерткіштері мен тарихи құжаттарды қамтитын басылым.

Оқу басылымы – оқып-үйренуге және оқытуға қолайлы түрде баяндалған, ғылыми немесе қолданбалы сипаттағы жүйеленген мәліметтерді

қамтитын және әртүрлі жастағы әрі білім беру деңгейлеріндегі білім алушыларға арналған басылым.

Есеп – плагиатты анықтау, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын тексеру және мәтіндердің бірегейлігін айқындау жүйесі қалыптастырған, мәтінді тексеру нәтижесі көрсетілетін құжат.

Қысқаша есеп – плагиатты анықтау, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын тексеру және мәтіндердің бірегейлігін айқындау жүйесі қалыптастырған, белгіленген мәтінсіз пайыздық көрсеткіштер мен дереккөздер тізімі көрсетілетін тексеру нәтижелерінің парағы.

Толық есеп – мәтіндік сәйкестіктерді анықтау, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын тексеру және мәтіндердің бірегейлігін айқындау жүйесі қалыптастырған, түпнұсқалылық пайызы, пайдалану дереккөздерінің тізімі және табылған мәтіндік сәйкестік блоктары белгіленген жүктелген құжат мәтіні көрсетілетін тексеру нәтижелерінің парағы.

Плагиат – нормативтік құқықтық актілер, құрылыс нормалары мен қағидалары, регламенттер және басқа да материалдар жарияланған ресурстарды қоспағанда, авторға және (немесе) пайдалану дереккөзіне сілтеме жасамай, қағаз және электрондық ресурстардан, оның ішінде Интернет желісінен материалдарды пайдалану, сондай-ақ мағынасын өзгертпей, сөздер мен сөз тіркестерін синонимдермен алмастыру арқылы бөгде мәтінді қолдану түрінде көрінетін дәйексөз келтіру қағидаларын бұзу.

Ғылыми жұмыстарды орындау кезіндегі жалғандық – плагиаттың бар-жоғына тексеруден өту мақсатында басқа тұлға орындаған ғылыми жұмысты өзінің жұмысы ретінде тапсыру. Егер мәтін автордың рұқсатынсыз пайдаланылса, автор жалғандыққа қатысушы ретінде танылмайды.

Пайдаланушылар – жүйеге қол жеткізу құқығы берілген автоматтандырылған компьютерлік платформаны пайдалана отырып, оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды плагиаттың бар-жоғына тексеруді автор ретінде жүзеге асыратын тұлғалар.

Ғылыми жұмыстарды көшіру – рұқсат етілмеген кез келген баспа немесе қолжазба дереккөздерін, оның ішінде электрондық құралдарды пайдалану.

Түпнұсқалылық пайызы – тексеру жүргізілген дереккөздердің ешқайсысында табылмаған тексерілетін құжат мәтіні фрагменттерінің құжаттың символдармен есептелген жалпы көлеміне қатысты үлесі.

Ғылыми жұмыстың деректері мен нәтижелерін бұрмалау – плагиаттың бар-жоғына тексеруден өту мақсатында жалған деректерді қалыптастыру немесе деректердің көздері мен алынған нәтижелер туралы ақпаратты қасақана бұрмалау.

Дәйексөз келтіру – дереккөз мәтінінің фрагментімен сәйкес келетін немесе соған өте жақын, дәйексөз келтіру қағидаларына сәйкес рәсімделмеген және дереккөз туралы толық библиографиялық мәліметтер көрсетілмеген тексерілетін құжат мәтінінің фрагменті.

Мәтіндік сәйкестіктерді анықтау, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын тексеру және мәтіндердің бірегейлігін айқындау жүйесінің сарапшысы – мәтіндерді плагиатты анықтау, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын тексеру және мәтіндердің бірегейлігін айқындау жүйесіне тексеруге жүктейтін маман *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

4. Жазбаша жұмыстарды тексеру тәртібі

4.1 Жалпыға қолжетімді көздерден алынған пайдаланулардың бар-жоғына жазбаша жұмыстарды алдын ала тексеру бағдарлама көмегімен жүзеге асырылады. Жазбаша жұмыстардың әрбір түрі үшін осы Ережеде белгіленген критерийлерге сәйкес түпнұсқалылықтың талап етілетін деңгейі (пайызы) айқындалады:

1) бакалавриаттағы дипломдық жұмыстар (жобалар) – кемінде **60 %**, гуманитарлық мамандықтар үшін – кемінде **55 %**;

2) оқу-әдістемелік басылымдар (оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар және т.б.) – кемінде **70 %** *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама)*;

3) бейіндік бағыттағы магистрлік жобалар – кемінде **60 %**;

4) ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлік диссертациялар – кемінде **65 %**;

5) ғылыми басылымдарда жариялауға ұсынылатын ғылыми жұмыстар (оның ішінде монографиялар мен ғылыми мақалалар) – кемінде **70 %**;

6) кафедраға алдын ала сараптамаға ұсынылатын PhD докторлық диссертациялар – кемінде **85 %**, гуманитарлық мамандықтар үшін – кемінде **80 %**;

7) курстық жұмыстар (жобалар) – кемінде **55 %**;

8) студенттік жұмыстардың университеттік және өңірлік конкурстарына, сондай-ақ конференция материалдарында жариялауға ұсынылатын ғылыми жұмыстар – кемінде **55 %**; студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық және халықаралық конкурстарына ұсынылатын ғылыми жұмыстар конкурс туралы ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс, ал мұндай талаптар болмаған жағдайда түпнұсқалылық деңгейі (пайызы) кемінде **60 %** болуға тиіс.

4.2 Ұсынылатын жұмыстардағы заңды пайдалану көлеміне мәтінде мекемелердің, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атауларын, нормативтік құқықтық актілерге сілтемелерді, заң мәтіндерін, әдебиеттер тізімін, қайталауларды, оның ішінде жиі

қолданылатын тұрақты тіркестер мен заң терминдерін пайдалану, мәтіннен дәйексөздер мен құжаттарды талдау үшін олардың үзінділерін келтіру, сондай-ақ өзіне-өзі дәйексөз келтіру және т.б. жатады.

4.3 Жүйеге дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларды факультет деканы уәкілеттік берген сарапшылар; докторлық диссертацияларды диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы; оқу және оқу-әдістемелік басылымдарды (оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды және т.б.) Академиялық кеңестің төрағасы уәкілеттік берген тұлға; ғылыми басылымдарды (монографияларды, ғылыми еңбектерді және т.б.) Ғылыми-техникалық кеңестің төрағасы уәкілеттік берген тұлға жүктейді.

4.4 Түпнұсқалылық пайызы осы Ережеде көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, жұмыстарды тексеру тәртібінің сақталуына жауапты тұлға ретінде сарапшы бөлімше басшысына хабарлайды. Бөлімше басшысы тексеруге ұсынылған жұмыс мәтіні мен есепті талдау үшін бөлімше мамандары арасынан комиссия құрады. Талдау нәтижелері бойынша жұмысты процестің келесі кезеңіне жіберу, жүйеде кейіннен қайта тексере отырып пысықтау қажеттілігі немесе жұмысты қабылдамау туралы шешім қабылданады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

5. Дипломдық жұмыстар және магистрлік диссертациялар

5.1 Дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертациялар/жобалар жүйеде бітіруші кафедралар қамтамасыз ететін бірегейлікке тексеру рәсімінен өтеді.

Факультет деканының өкімімен кафедраның профессор-оқытушылар құрамы арасынан білім алушылардың тексеруге ұсынылған жазбаша жұмыстарын тексеруге жауапты тұлғалар айқындалады. Факультет деканы/кафедра меңгерушісі жүйенің көмегімен академиялық адалдықтың сақталуын бақылау мақсатында кез келген жұмысты (дипломдық жұмыстарды (жобаларды), магистрлік диссертацияларды/жобаларды, курстық жұмыстарды (жобаларды)) өз бетінше тексеруге құқылы.

5.2 Ғылыми жетекші жұмыстың сапасына, академиялық адалдық қағидаларының сақталуына, білім алушының жазбаша жұмысын белгіленген мерзімде тексеруге ұсынуға, алынған тексеру нәтижелерін талдауға, жұмысты пысықтау және плагиаттың бар-жоғына қайта тексеру туралы шешім қабылдауға жауапты болады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

5.3 Білім алушы дипломдық жұмысты белгіленген мерзімде қағаз және электрондық түрде плагиатты анықтау, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын тексеру және мәтіндердің бірегейлігін айқындау жүйесіне тексеруге тапсыруға міндетті *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

5.4 Дипломдық жұмысты, магистрлік диссертацияны/жобаны бірегейлікке тексеру мерзімі жұмыс тексеруге тапсырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5.5 Плагиаттың бар-жоғына жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша сарапшы жүйе қалыптастырған есепті басып шығарып, онымен білім алушыны таныстыруға тиіс. Бұл ретте нәтижелер осы Ереженің 4.1-тармағында белгіленген тиісті мән шегінен аспауға тиіс. Осыдан кейін есеп тексеруші мен білім алушының жеке қолдарымен расталады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

5.6 Жүйені пайдалана отырып тексеруден өтпеген дипломдық жұмыстың, магистрлік диссертацияның/жобаның авторы бітіру жұмысын міндетті түрде пысықтап, оны қайта тексеруге тапсыруға тиіс.

Жұмысты тексергеннен кейін анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер жойылмаған немесе білім алушы әртүрлі себептермен оларды белгіленген мерзімде жоя алмаған жағдайда, жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Білім алушы жүйедегі тексеру нәтижелерімен жазбаша түрде келіспеген жағдайда, төрағасы факультет деканы болып табылатын апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия қаралатын мәселе бойынша түпкілікті шешім қабылдайды *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

5.7 Дипломдық жұмыс пен магистрлік диссертацияны/жобаны тексеру нәтижелері негізінде отырыстың шешімімен оны қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

6. Оқу материалдары мен ғылыми еңбектер

6.1 Оқу және оқу-әдістемелік басылымдар (оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар және т.б.), сондай-ақ ғылыми басылымдар (монографиялар, ғылыми еңбектер, мақалалар және т.б.) жүйеде плагиаттың бар-жоғына, жасанды интеллект технологияларының қолданылуына және мәтіндердің бірегейлігіне міндетті түрде тексеруден өтеді *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

6.2 Оқу (ғылыми) басылымының авторы қолжазбаны қағаз және электрондық түрде университеттің Академиялық кеңесіне (Ғылыми-техникалық кеңесіне) ұсынуға тиіс.

6.3 ҚарҰЗУ-дың Академиялық кеңесінің (Ғылыми-техникалық кеңесінің) төрағасы жүйенің көмегімен оқу басылымын (монографияны) плагиаттың бар-жоғына, жасанды интеллект технологияларының қолданылуына және мәтіндердің бірегейлігіне тексеруді жұмыс келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұйымдастырады және авторға тексеру туралы басып шығарылған есепті ұсынады. Тексеру есебі университеттің Академиялық кеңес хатшысының (ҒТК хатшысының) және оқу басылымы (монография)

авторының жеке қолдарымен расталады. Жұмыстың жүйеде тексеруден өткені туралы есеп ҚарҰЗУ-дың Ғылыми хатшысына беріледі *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

6.4 Оқу және ғылыми басылымдар осы Ереженің 4.1-тармағының 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген параметрлерге сәйкес келуге тиіс. Ұсынылған жұмыстардың авторлары мәтінде пайдаланылған материалдарға қатысты түсіндірмелерінде олардың заңды түрде пайдаланылғанын негіздеуге тиіс. Оқу және ғылыми басылымдар мәтін түпнұсқалылығының белгіленген нормаларына сәйкес келмеген жағдайда, жұмыс жазбаша ескертулермен бірге пысықтау үшін авторға қайтарылады, ал түпнұсқалылық нормаларына сәйкес келген жағдайда, жұмыс Академиялық кеңестің/Ғылыми-техникалық кеңестің отырысында одан әрі талқылауға ұсынылады.

6.5 Оқу (ғылыми) басылым мәтін түпнұсқалылығының белгіленген деңгейіне сәйкес келмеген жағдайда, жұмыс авторға пысықтауға қайтарылады.

6.6 Оқу (ғылыми) басылымы түпнұсқалылықтың белгіленген нормаларына сәйкес келген жағдайда, жұмыс ашық басылымда жариялауға немесе электрондық түрде шығаруға ұсынылады.

6.7 Ғылыми мақалаларда плагиаттың бар-жоғын, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын және мәтіндердің бірегейлігін тексеруді журналдың жауапты хатшысы жүзеге асырады. Ғылыми мақаланың авторы мақаланы журналдардың шығу кестесінде белгіленген мерзімде және ғылыми мақалаларға қойылатын талаптарға сәйкес электрондық түрде ұсынады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

6.8 Мақала түпнұсқалылық нормаларына сәйкес келмеген жағдайда, ол жүйеде тексеру туралы есепті кейіннен ұсына отырып, пысықтауға жіберіледі. Егер мақала пысықталғаннан кейін де түзетілмесе және түпнұсқалылық нормаларына сәйкес келмесе, редакциялық кеңес оны жариялауға жол бермеу туралы шешім қабылдайды.

6.9 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық және халықаралық конкурстарына ұсынылатын ғылыми жұмыстарды тексеруді студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсының бірінші (жоғары оқу орны ішіндегі) кезеңінің конкурстық комиссиясының хатшысы жүзеге асырады.

7. Докторлық диссертациялар

7.1 Диссертация Этикалық комиссияның қарауына ұсынылған кезде диссертацияны тексеруді Ғылым департаменті жүзеге асырады.

Диссертацияларда плагиаттың бар-жоғын, жасанды интеллект технологияларының қолданылуын және мәтіндердің бірегейлігін тексеруді

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жұмыстың түпнұсқа мәтіні ұсынылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Тексеруден кейін диссертация авторы бітіруші кафедра меңгерушісіне докторант пен Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы қол қойған басып шығарылған тексеру есебін ұсынады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

7.2 Диссертацияның ұқсастық коэффициенті мәнінің шегі осы Ереженің 4.1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген параметрлерге сәйкес келуге тиіс. Диссертация (аннотация) мәтін түпнұсқалылығының белгіленген нормаларына сәйкес келмеген жағдайда, жұмыс кафедра отырысы хаттамасының үзінді көшірмесінде баяндалған жазбаша ескертулермен бірге пысықтау үшін авторға қайтарылады. Түпнұсқалылық нормаларына сәйкес келген жағдайда, жұмыс қорғауға ұсынылады, бұл туралы кафедра отырысы хаттамасының үзінді көшірмесінде көрсетіледі.

7.3 Қорғауға ұсыным болған жағдайда докторант диссертацияның (аннотацияның) қолжазбасын баспа және электрондық түрде Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысына тапсырады.

7.4 Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы қабылданған диссертацияны қорғаудың белгіленген күніне дейін бір ай бұрын докторанттың авторға және пайдалану дереккөзіне сілтеме жасамай алынған материалды қолдануын, жасанды интеллект технологияларын пайдалануын және мәтіндердің бірегейлігін тексеру үшін Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығына (ҰҒТСО) жібереді.

7.5. ҰҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылған бейресми пікірлерде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда, Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны жүйеде плагиаттың бар-жоғына, жасанды интеллект технологияларының қолданылуына және мәтіндердің бірегейлігіне тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертацияны қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей Диссертациялық кеңеске ұсынылады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

7.6. Диссертациялық кеңес өз комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу немесе диссертацияны қорғаудан алып тастау туралы шешім қабылдайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпияларды және қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайларын қоспағанда).

8. Өкілеттіктер мен жауапкершілік

8.1 Оқу материалдарын (оқулықтарды, оқу құралдарын) жүйеде тексеру кезінде тексеру нәтижелеріне автор жауапты болады.

8.2 Дипломдық жұмыстың авторы жұмысты өз бетінше орындауға, академиялық адалдық қағидаларын сақтауға, дәйексөздерді дұрыс рәсімдеуге, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ережеге» сәйкес ЖИ технологияларын пайдалану қағидаларын сақтауға, жұмыста ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына, жазбаша жұмыстың баспа және электрондық нұсқаларының сәйкестігіне, жұмыстың осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімде жүйеге тексеруге уақтылы ұсынылуына, сондай-ақ анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жойылуына жауапты болады. Ғылыми жетекші жүйедегі тексеру нәтижелері негізінде дипломдық жұмысты қорғауға жіберуге жауапты болады. Дипломдық жұмысты жүйеде тексеруге факультет деканы тағайындаған сарапшы жауапты болады. Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысты жүйеде тексеру тәртібінің сақталуына және оны қорғауға жіберуге жауапты болады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

8.3 Магистрлік диссертацияларды орындау кезінде жүйеде тексеру жүргізу жауапкершілігі факультет деканы тағайындаған сарапшыға жүктеледі. Магистрлік диссертацияның авторы жұмысты өз бетінше орындауға, академиялық адалдық қағидаларын сақтауға, дәйексөздерді дұрыс рәсімдеуге, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ережеге» сәйкес ЖИ технологияларын пайдалану қағидаларын сақтауға, жұмыста ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына, жазбаша жұмыстың баспа және электрондық нұсқаларының сәйкестігіне, жұмыстың осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімде жүйеге тексеруге уақтылы ұсынылуына, сондай-ақ анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жойылуына жауапты болады. Ғылыми жетекші жүйедегі тексеру нәтижелері негізінде магистрлік диссертацияны қорғауға жіберуге жауапты болады. Кафедра меңгерушісі магистрлік жұмысты жүйеде тексеру тәртібінің сақталуына және оны қорғауға жіберуге жауапты болады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

8.4 Монография жазу кезінде автор жұмысты өз бетінше орындауға, академиялық адалдық қағидаларын сақтауға, дәйексөздерді дұрыс рәсімдеуге, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ережеге» сәйкес ЖИ технологияларын пайдалану қағидаларын сақтауға, жұмыста ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына, сондай-ақ

жазбаша жұмыстың баспа және электрондық нұсқаларының сәйкестігіне жауапты болады.

8.5. Жұмысты жүйеде тексеруді жүргізуге сарапшы жауапты болады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

8.6 Журналдарда, конференция жинақтарында ғылыми мақалалар мен ғылыми еңбектер жазу кезінде автор жұмысты өз бетінше орындауға, академиялық адалдық қағидаларын сақтауға, дәйексөздерді дұрыс рәсімдеуге, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ережеге» сәйкес ЖИ технологияларын пайдалану қағидаларын сақтауға, жұмыста ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына, сондай-ақ жазбаша жұмыстың баспа және электрондық нұсқаларының сәйкестігіне жауапты болады. Тексеруді жүргізуге басылым редакторы және (немесе) хатшысы жауапты болады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

8.7. Докторлық диссертацияны орындау кезінде автор жұмысты өз бетінше орындауға, академиялық адалдық қағидаларын сақтауға, дәйексөздерді дұрыс рәсімдеуге, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ережеге» сәйкес ЖИ технологияларын пайдалану қағидаларын сақтауға, жұмыста ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына, жазбаша жұмыстың баспа және электрондық нұсқаларының сәйкестігіне, сондай-ақ диссертацияның тексеруге уақтылы ұсынылуына жауапты болады. Ғылыми консультант диссертацияны қорғауға жіберуге жауапты болады. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы диссертацияны жүйеде және Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығында плагиаттың бар-жоғына, жасанды интеллект технологияларының қолданылуына және мәтіндердің бірегейлігіне тексеруді жүргізуге жауапты болады *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы отырысында енгізілді, №4 хаттама).*

8.8. Осы Ереже материалдарды пайдалану рәсіміне қойылатын сыртқы немесе ішкі талаптардың өзгеруіне байланысты өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.